

Жамбыл облыстық психикалық денсаулық қызметінің 2024 жылғы қызметінің 2023 жылы салыстырғандағы қызметінің талдауы

Орталық құрылымына наркологиялық және психиатриялық блоктар кіреді: олар 13 бөлімшелерден, 2 қабылдау бөлімшелерінен, күндізгі стационар, уақытша бейімдеу және детоксикация бөлімдерінен тұрады.

ҚР ДСМ 10.06.2022ж. бұйрығының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы №ҚР ДСМ-133/2020 «Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы» бұйрығына және Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының 29.07.2022 жылғы №338-ө «Психикалық денсаулықтың бастапқы орталықтарын қайта ұйымдастыру туралы бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» психикалық денсаулық бастапқы орталығы облыстық психикалық денсаулық орталығының құрылымдық бөлімшесі ретінде қайта құрылды. Барлығы 60 мың және одан да көп халықтың қадамдық қолжетімділігі мен саны есебінен 6 бастапқы психикалық денсаулық орталығы құрылды. №1 Бастапқы орталық психикалық денсаулық орталығының ғимаратында орналасқан. №2,3,4,5,6 бастапқы орталықтар қалалық емханаларда орналасқан.

Қызмет алушылардың тілегін қанағаттандыру үшін 510 орындық стационар жұмыс жасайды (180 наркологиялық және 330 психиатриялық), оның ішінде соттың шешімі мен қаулысы бойынша ерлер мен әйелдерді мәжбүрлеп емдеуге арналған; күндізгі стационар (35 орын) ересектерге арналған; Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығы 20 орындық; тәулік бойы жұмыс жасайтын алкогольдік және есірткілік масандықты сараптау кабинеті; метадонмен алмастыра отырып қолдау терапиясы кабинеті; кеңес беріп, медициналық тексеру жасайтын клиникалық –диагностикалық бөлімше. Қосымша кабинеттер: инфекциялық бақылау кабинеті; салауатты өмір салтын қалыптасатыру кабинеті; химиялық –токсикологиялық зертхана; клиникалық –диагностикалық зертхана; шаруашылық қызмет жайлары (асхана, монша, кір жуу, автоклав, қоймалық жайлар).

Мамандандырылған наркологиялық көмек стационар алушылардың тілегін қанағаттандыру үшін 180 наркологиялық төсек, және оның ішінде соттың шешімі мен қаулысы бойынша ерлер мен әйелдерді мәжбүрлеп емдеуге арналған 90 төсек арналған.

Наркологиялық бейіндегі стационардың қызметі:

- төсектің жұмыспен қамтылуы – 348,5, 2023 жылымен салыстырғанда 3,0% көбейді (338,3);
- төсек айналымы – 9,4 бұл 2023 жылының көрсеткіштен 1,1% жоғары (9,3);
- науқастың орташа болу ұзақтығы 38,1– күн, 2023 жыл – 36,9 күн;
- төсектердегі өлім-жітім 2024 – 3 науқас (0,2%) 2023ж. - 3 науқас (0,2%).

2024 жылғы психобелсенді заттарды зардап шегетін 1710 науқас емделген, бұл 2023 жылдан (1767 адам) 3,2% азайды. Коморбидті патологияны

уақтылы тексеру және емдеу жүргізіледі, ол үшін УДЗ, рентгенография кабинеті, физиотерапия кабинеті бар. Жаттығу залы жұмыс істейді.

Емдеу процедураларымен қатар, психологиялық көмек көрсетіледі – тренингтер, жеке сабақтар. Барлығы пациенттермен психологтар мен әлеуметтік қызметкерлермен 3897 сабақ өткізілді.

Әлеуметтік қызметкерлер 15 науқастардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, тұрғылықты жері бойынша емханаға тіркеуді қалпына келтіреді.

Мамандар психоактивті заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтудың екі кезеңдік бағдарламасын көрсетуді жалғастыруда. 569 науқас ем қабылдады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19 науқасқа көбейді (550 адам).

Медициналық-әлеуметтік оңалтудың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін емдеу-еңбек шеберханаларын, оқу сыныптарын, студияларды, спорт секцияларын құру, қосалқы шаруашылық үшін жер учаскесін бөлу, көпсалалы топтың біліктілігін арттыру үшін қосымша қаржыландыру қажет.

Орталықта 90 төсектік маскүнемдіктен, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан зардап шегетін ерікті емдеуден жалтарған адамдарды мәжбүрлеп емдеуге арналған екі бөлімше жұмыс істейді. Есепті кезең үшін осы бөлімшелерде 125 адам емделіп шықты, бұл 2023 жылына салыстырса 14 адамға азайды (139 адам).

Облыс бойынша психобелсенді заттарды тұтынушылардың саны 100 мың тұрғынға шаққанда 684,5-ден (7980 адам) 717,4-ға (8424 адам) дейін (4,8%) көтерілген. Наркологиялық есепте тұрған балалар мен кәмелетке толмағандардың саны 10 адам (алкоголь тұтынушысы), 2023 жылымен мен салыстырғанда бұл 1 адамға азайды.

Сырқаттанушылық құрылымында (73,1%) 100 мың тұрғынға шаққанда 524,7 алкоголь (6161 адам) тұтынушылары бірінші орын алады. Екінші орында (26,8%) зиянды қолдану және есірткіге тәуелділік, жалпы сырқаттанушылық 100 мың тұрғынға шаққанда 192,3 құрайды - 2258 адам. Есірткі заттарды тұтынушылардың ішінде 22 қолданушы амфетамин қатарындағы синтетикалық құралдарды пайдаланушы (01.01.2024 жылы – 18 адам). Үшінші орында (0,1%) уытты заттарды тұтынушылар -100 мың тұрғынға шаққанда 0,4 (5 адам).

Облыс бойынша алғаш рет белгіленген наркологиялық бұзылулармен сырқаттанушылық 100 мың тұрғынға шаққанда 95,9 құрайды (1126 адам - бұл есепке қойылған барлық санның). Бұл 2023 (1057 адам) жылмен салыстырғанда (69 адам) 5,7% көбейді.

2024 жылда барлығы есепке қойылған психобелсенді тұтынушылардың саны 1665 адам, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 15 адамға көбейді (2023 жылда – 1650 адам).

Есеп беру кезеңінде есептен шығарылғандар 1221 адам, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 39 адамға жоғары (2023 жылда - 1182 адам). Есептен шығару себептері:

62,3% (761 адам) – ұзақ ремиссия; 0,2% (2 адам) – сотталу; 21,5% (263 адам) – өлім; 7,9% (96 адам) - өңірден тыс жерлерге шығуға байланысты; 8,1% (99 адам) – басқа да себептер.

Нашақорлық заттарды тұтынушы тұлғаларды анықтау келушілер арасында (медициналық көмекке келгендер, транспорттық құралдарды басқару үшін рұқсат алу кезінде наркотест, психотропты және нашақорлық заттармен жұмыс істеуге рұқсат алу, қару алуға рұқсат алу) нашақорлық заттарды тұтыну фактін және есірткіден мас болу жағдайына анықтау үшін медициналық кәуландыру өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Дизайнерлік синтетикалық есірткі құралдары спектрінің кеңеюін ескере отырып, зертханалық жабдықтар паркін заттарды индикациялаудың қазіргі заманғы дәлдігі жоғары құралдарымен жарақтандыруға көп көңіл бөлінеді. Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті атқарушы органдардың, денсаулық сақтау басқармасының көмегінің арқасында биологиялық ортадағы алкоголь мен есірткі заттарын анықтау үшін екі газды-сұйық жоғары дәлдікті хроматограф «Хроматэк - Кристалл 5000» сатып алынды.

Есірткі заттарға тәуелділер арасында АИТВ-инфекциясының таралуын төмендету мақсатында 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарлама аясында, 2012 жылдың желтоқсан айында облыстық наркологиялық диспансер базасында апиынды алмастырушы терапия кабинеті ашылған. Ашылған сәттен бастап аталған жобаға 79 пациент қатысты, 2025 жылы 1 қантарда де жобада 8 адам.

Тұрғындарға наркологиялық көмек Уақытша бейімдеу және адаптация орталығында көрсетіледі (медсауықтырғыш), бұл жерге орташа масандықтағы тұлғаларды құқық қорғау органдарының қызметкерлері жеткізеді. Орталық 20 орындық, барлығы 6385 адам сауықтырылды, өткен жылмен салыстырғанда 1421 адамға азайды (2023 жылда – 7806 адам).

2023 жыл психикалық және тәртіптік бұзылушылықтармен (психоактивті заттарды қолданбайтын) диспансерлік бақылауда тұрғандар саны өткен жылмен салыстырғанда 328 адамға көбейді 9365 адамнан 9693 адамға дейін. Психикалық бұзылулардың жалпы сырқаттануы 3,5%-ға өсті, 100 мың тұрғынға шаққанда 803,8-дан 825,0-ге дейін.

Сырқаттанушылық құрылымында бірінші орында ақыл-ой кемістігі бар адамдар (47,4% - 4598), екінші орында шизофрениямен ауыратын науқастар (27,7% - 2683), үшінші орында - органикалық психикалық бұзылулар (16,1% - 1565), 4-ші және 5-ші орындарда психологиялық дамудың бұзылуы (6,7% - 653) және аффективті бұзылулар (1,3% - 129), әрі қарай, невротикалық бұзылулар (0,3% - 28) және басқа психикалық және мінез-құлық бұзылыстары (0,4% - 37).

Бастапқы сырқаттанушылықтың 9,3%-ке (55 тұлға) өсуі байқалады және 100 мың тұрғынға шаққанда 54,7-ді құрайды (643 адам), ал 2023 жыл 100 мың тұрғынға шаққанда 47,9 (588 адам).

Балалар арасындағы алғашқы аурушылдық өткен жылмен салыстырғанда 16,0% көтерілген, 2024жылы 100 мың тұрғынға – 90,5 (335 бала), ал 2023жылы - 77,2 100 мың тұрғынға (289 бала), яғни 46 балаға көбейді.

Жасөспірімдердің алғаш шалдығу жағдайлары 2024жылы 47,0 100 мың тұрғынға (32 жасөспірім), 2023жылы - 34,3 100 мың тұрғынға (21 жасөспірім), яғни 37,0% көбейді.

Сондай-ақ аутизм спектрі бұзылған кәмелетке толмағандар санының 136 адамға 354-ден 490-ға дейін өсуі байқалады.

Нозология	2022ж.		2023ж.		2024ж.	
	абсолютті к саны	%	абсолютті к саны	%	абсолютті к саны	%
Жалпы аутизм спектрінің бұзылуы (АСБ)	354		490		622	
олардың ішінде балалар аутизмі	276	78,0	351	71,6	414	66,5
атипичный аутизм	75	21,2	136	27,7	207	33,3
синдром Аспергера	3	0,8	3	0,6	1	0,2

Балалар арасындағы аталған науқасты анықтау көрсеткішінің көтерілу себебі, облыстың оқу басқармасының медициналық-педагогикалық комиссиясы оқу қабілеті төмен балаларды балалар психиатрына жіберіп, педиатрлар мен балалар невропатологтары психикалық патологияға жиі назар аударатын болған.

Психиатриялық бейіндегі стационардың қызметі:

- төсектің жұмыспен қамтылуы - 354,5 бұл (11,7%) көбейді (2023 жылы – 317,4);
- кереуеттің айналымы - 9,4 - 1-ке (12,0%) көбейді (2023жылы - 8,4);
- ауруханада болудың орташа ұзақтығы - 37,5күн (2023жылы – 36,2);
- төсектердегі өлім-жітім - 0,1% (4 пациент), 2023жылы - 0,2% (6 пациент).

Ауруханаға жатқызылған адамдардың саны 48 адамға азайды 3118-ден 3070 адамға дейін. Емделген науқастар саны 5 адамға өсті 3112-тен 3117адамға, себептері -

- 1) Органикалық психикалық симптоматикалық бұзылулар 502 адамнан 560 адамға дейін өсу;
- 2) шизофрениямен, шизотиптік, сандырақтық бұзылулары 1364 адамнан 1389 адамға дейін өсу;

Емделген науқастардың құрылымында ең көп үлес салмағын шизофрениямен, шизотиптік, сандырақтық бұзылулармен ауыратын науқастар 44,6%; екінші орында ақыл-ой кемістігі бар адамдар 27,2%, 3 орында органикалық психикалық бұзылулары бар адамдар 18,0%. Қалған бұзылулар (аффективті, невротикалық бұзылулар, психикалық дамудың кешігуі) 10,2% құрайды.

Психикалық және мінез-құлық бұзылыстары (аурулары) бар адамдарға күндізгі стационар жағдайында көмек көрсетіледі. 2024 жылы ем алғандардың 19 адамға көбейді, 185 адамнан 204 адамға дейін көбейді.

Орталықтың психиатр-нарколог дәрігерлері және психологтарымен мектеп оқушылары мен колледж білімгерлеріне лекциялар мен семинарлар өткізіледі.

Іс шаралар	2023ж.	2024 ж.
------------	--------	---------

	(саны/ қамту)	(саны/ қамту)
Жалпы білім беру жүйесінде ПАЗ пайдаланудың алдын алу		
Лекциялар, барлығы	660 / 27934	613 / 31166
Семинар	3/ 200	-
Круглый стол	-	1/100
Родительское собрание	1/ 30	-
бейнетаспалар	165 / 7157	154 / 6289
Ведомстволық мекемелерде ПАЗ пайдаланудың алдын алу		
Лекциялар, барлығы	11/ 797	26 / 1552
бейнетаспалар	3/ 228	3/ 375
Дөңгелек үстел (шақыру бойынша), барлығы	4/ 190	2/ 135
Семинар (шақыру бойынша), барлығы	6/ 407	11/ 581
Форум	1/ 250	-
Акция	1/ 50	1/ 200
Әңгімелер	4532/ 20427	4474 / 22115
Жарияланымдар	23	25
Телехабарлар	7	8
Радио	6	6
Жалпы білім беру жүйесінде антидеструктивті тәртіптің алдын алу		
Лекциялар, барлығы	221/ 8912	198/ 8085
Ведомстволық мекемелерде антидеструктивті тәртіптің алдын алу		
Лекция	18/ 885	8/ 399
Семинар (шақыру бойынша), барлығы	8/ 480	21/ 865
Родительское собрание	1/ 2	1/ 75
Акция	-	1/ 180
Ведомстволық мекемелерде құмар ойындардың (лудомания) алдын алу		
Семинар (шақыру бойынша), барлығы	-	8/ 288
Брифинг	-	2/55
Қорытынды	5671/ 67949	5564 / 72460

2024 жылғы 1 қарашада ҚР ДСМ бас штаттан тыс психиатрының, ҚазҰМУ психиатрия және наркология кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы Қ.С.Алтынбековтың қатысуымен облыстық психикалық денсаулық орталығында мамандарының халықтың психикалық денсаулығын қорғау бөлігінде тәжірибе алмасу бойынша жұмыс кеңесі өткізілді.

Облыстық психикалық денсаулық орталығында шұғыл психологиялық-психиатриялық көмек кабинеті және «сенім телефоны 556-776» жұмыс істейді. Көмек дағдарыс психологиясы саласындағы жұмыс өтілі бар психолог мамандармен көрсетіледі. Көмек жеке, қол жетімді және депрессияға, мазасыздыққа, суицидке немесе басқа дағдарысқа ұшыраған кез-келген тұрғынға қолдау көрсетеді. 2023 жылы 12 адам жүгінді, оның 7 кәмелетке толмағандар. Бұл адамдармен байланыс жағдай жақсарғанға дейін сақталады.

Сондай-ақ, біздің мамандар профилактика, диагностика, емдеу, динамикалық байқау, АЛО, жынысты ауыстыру, АСД, тәуелділік (синтетикалық есірткі, лудомания) мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының психикалық денсаулықты қорғаудың бірыңғай ақпараттық

қызметінің №3580 Республикалық Call Contact - center операторлары болып табылады.

Тәжірибеде «Ақ Сұңқар» әмбебап жоғары дәлдіктегі психодиагностикалық кешені пайдаланылады, бұл әсіресе жасөспірімдерде депрессиялық жағдайлардың диагностикасын айтарлықтай жақсартуға ықпал етеді. Осы құрылғының мүмкіндіктері туралы біз тәуекел топтарымен жұмыс істеу үшін дәрістер мен «дөңгелек үстелдер» өткізген кезде мектептерді таныстырамыз.

Сондай-ақ, бұл құрылымға суицид қаупі бар кәмелетке толмағандардың ата-аналарымен психогигиеналық жұмыс кіреді; білім беру мекемелерінде профилактикалық жұмыс ұйымдастырылған, оның міндеті суицидтік қауіп факторлары туралы халыққа ақпарат жеткізу.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2018 жылдан бастап сараптама кабинетінде алкогольдік және есірткілік мақсандықты анықтау электрондық форматта Медициналық куәландырудың электрондық жүйесі арқылы жүргізіледі, бұл бағдарлама облыстың барлық аудандарында да бар. Медициналық куәландыруға жіберілген тұлғаларды тіркеу үшін ЭСМО және ЭСМО ЦВАД бағдарламасы енгізілді. Медициналық құжаттар «Damumed» медициналық ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, электрондық нысанда 100% жүргізіледі. Сот арқылы мәжбүрлеп емдеуге жататын тұлғаларды ресімдеу және қарау онлайн тәртібімен өткізіледі.

Қаржылық – шаруашылық қызмет. Бюджет РБ 100% игерілді. Жалақы, коммуналдық қызмет төлемдері, тамақ өнімдері, дәрі дәрмектік құралдар бойынша қарыз жоқ. Дәрі дәрмектерді сатып алу тендер бойынша СК-Фармация арқылы алынады. Жеткізу жұмыстарында кідірту мәселелері туындаған емес.